

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 10 маусымдағы № 426 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі К.Мәсімов

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 1 5 ж ы л ғ ы 1 0 м а у с ы м д а ғ ы
№ 4 2 6 қ а у л ы с ы н а
қ о с ы м ш а

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. «Мемлекет меншігіндегі тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдалануға жалдау ақысының ставкаларын белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 2 қарашадағы № 1031 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., № 42, 485 - құжат).

2. «Халықаралық және республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдалануға беру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 2 қарашадағы № 1033 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2009 ж., № 42, 487 - құжат).

3. «Тарих және мәдениет ескерткіштеріне қорғау міндеттемелерін беру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 6 қарашадағы № 1045 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., № 42, 493-құжат).

4. «Республикалық маңызы бар Тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 21 наурыздағы № 279 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2008 ж., № 16, 147-құжат).

5. «Ы. Алтынсариннің ескерткіші» республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткішінің орнын ауыстыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 3 шілдедегі № 690 қаулысының 2-тармағы (Қазақстан Республикасының

ПҮАЖ-ы, 2010 ж., № 42, 374-құжат).

6. «Мемлекеттік мәдениет ұйымдарына, жекелеген кәсіби көркем және шығармашылық ұжымдарға «Академиялық» мәртебесін беру қағидасы мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 26 қаңтардағы № 33 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2011 ж., № 14, 174-құжат).

7. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 6 қарашадағы № 1045 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 29 сәуірдегі № 467 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2011 ж., № 36, 433-құжат) .

8. «Мемлекет меншігіндегі тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдалануға жалдау ақысының ставкаларын белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 2 қарашадағы № 1031 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 17 қаңтардағы № 79 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2012 ж., № 24, 341-құжат).

9. «Халықаралық және республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдалануға беру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 2 қарашадағы № 1033 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 наурыздағы № 254 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2013 ж., № 21, 348-құжат).

10. «Республикалық және жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 31 шілдедегі № 846 қаулысының 4-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2014 ж., № 48, 484-құжат).